

БН-350 реакторын басқару және қорғау жүйесіне арналған өзек-жұтушы әкелу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 17 қараша N 1595

"Қазақстан Республикасындағы тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Маңғышлақ атом энергокомбинаты" мемлекеттік кәсіпорнына (Ақтау қаласы) 1997 жылы Ресей Федерациясынан "Техснабэкспорт" сыртқы экономикалық акционерлік қоғамымен (Мәскеу қаласы) 1994 жылғы 5 тамыздағы N 08843672/40219-09 келісім-шартқа 1997 жылғы 25 сәуірдегі N 4 қосымшаға сәйкес БН-350 реакторын басқару және қорғау жүйесіне арналған сб. 1047А (СЭҚ ТН коды 8401) үлгісіндегі бір өзек-жұтушы әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда

министрлігі белгіленген тәртіппен лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі агенттігі БН-350 реакторын басқару және қорғау жүйесіне арналған өзек-жұтушының әкелінуіне бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Қасымбеков Б.А.